

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектер ассоциациясы туралы ереже	беті. 1 из 5



БЕКІТЕМІН
Шымкент университетінің
ректоры, п.т.д., профессор
Н.А. Сейітқұлов
2023 ж.


САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ТҮЛЕКТЕР АССОЦИАЦИЯСЫ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ШУ ҚЕ 03-09-01-2023

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Келісілді:		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Әзірлеген:		
Кәсіби практика және мансап орталығының меңгерушісі		Қылышбаева Г.Д.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж. « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>26</u> ж. дейін ұзартылды: « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> г.	Енгізілді: № <u>212</u> - <u>44</u> бұйрық Енгізілген күні: « <u>27</u> » <u>10</u> 20 <u>23</u> ж.	СМЖ ШУ ҚЕ 03-09-01-2023 Басылым 2 Тіркеу № <u>34</u> Көшірме № <u>1</u>
---	--	--

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектер ассоциациясы туралы ереже	беті. 2 из 5

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Шымкент университеті түлектерінің Ассоциациясы (ары қарай - Ассоциация) бұл университет құрылымының бөлімшесі болып табылады.

1.2 Ассоциация ШУ Жарлығына сәйкес құрылып, осы Ереженің еркінділік, өзін-өзі басқарушылық, жариялылық, заңға бағынушылық негіздеріне сүйеніп қызмет атқарады.

1.3 Ассоциация заңды тұлға болып табылмайды. Ассоциацияның барлық іс-әрекеттері ШУ аясында жүзеге асады. Ассоциацияның қызмет атқару мерзімі шектелмеген.

2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары»;

2.3 Университет Жарғысы;

3. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

3.1. Ассоциацияның мақсаттары мен міндеттері

3.1.1 Ассоциацияның мақсаттары:

- ШУ-дің түрлі кезеңде бітірген түлектері мен байланысты дамыту және жақсарту;
- ШУ түлектерін, студент жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге әрекеттендіру, денелерін шынықтыру;
- нарықтық экономиканың сұраныстарын ескере отырып, университет мамандықтарының перспективасын анықтау;
- ассоциация мүшелерінің кәсіби өсуі;
- ассоциация мүшелері мен студенттердің іс-тәжірибелерін ұйымдастыру – жас кәсіби мамандардың жұмысқа орналасуына ықпал ету;
- ШУ-де кадр дайындау мәселесі мен жастар арасында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу.

3.1.2 Ассоциацияның міндеттері:

- кәсіби қызметтері түрлі салада жүзеге асатын және түрлі кезеңде бітірген түлектермен Ассоциация мүшелері мен ақпараттық байланыстарды ұйымдастыру;
- түлектердің біліктілігін көтеру мақсатында әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету (біліктілігін көтеру курстары, магистратура);
- ассоциация мүшелерінің озық тәжірибесін оқу үдерісіне ендіру;
- ассоциация мүшелерінің кәсіби жетістіктерін дәріптеу;
- ассоциация мүшелерінің жұмыс атқарып жатқан орындарымен өндірістік, ғылыми, оқу-әдістемелік байланыстарын жақсарту;
- кезектегі бітіруші түлектерді Ассоциацияға тарту;

3.2 Ассоциация мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Осы Ереженің талаптарын мойындайтын, Ассоциация жұмыстарына қатысатын ШУ профессор-оқытушылары немесе түлектері бола алады.

3.2.1 Ассоциация мүшелерінің құқықтары:

- университет аясында өткізілетін барлық біліктілігін арттыру курстарына қатысу;
- «ШУ профессоры» академиялық атағына ие бола алу;
- университет аясында өткізіліп жатқан барлық қызметтерге араласу;
- ассоциацияға байланысты ақпараттардың барлығынан хабардар болу;
- ассоциацияның қызметі аясындағы мәселелерді талқылау мен өзгерістер енгізу;
- ассоциация Кеңесінде таңдау және сайлану мүмкіндігіне ие болу;

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Түлектер ассоциациясы туралы ереже	беті. 3 из 5

- өнертабыс пен ғылыми аспектілері бар фирма мен өндірістің қызметтері туралы жарнамаларды университет сайтына ақылы негізде орналастыру;
- жарнама материалдары мен университеттің ғылыми жинақтарында мақалаларды жариялау мүмкіндігі болу;
- компьютерлік сауаттылығын көтеру;
- ғылыми зерттеулерге гранттық қаржыландыру байқауларына қатысу мүмкіндігі болу.

3.2.2 Ассоциация мүшелерінің міндеттері:

- студенттердің іс-тәжірибеден өтуіне ықпал жасау;
- студенттік құрылыс отрядтарын құруға ықпал жасау;
- ассоциация мүшелерінің – бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуына көмек көрсету;
- демеушілік көмек көрсету жолдары мен демеушілік жасау тәсілдерін іздестіру;
- ассоциация жиналыстары мен кеңестің жұмыстарына қатысу.

3.3 Басқару органдары мен ұйымдастыру құрылымы

3.3.1 Ассоциацияның ұйымдастырушылық құрылымы төмендегі қағидаларды негізге алады: жетекші органдарды тандау, Ассоциация мүшелеріне есеп беру, шешім қабылдаудағы ұйымшылдық.

- ассоциацияның барлық мүшелері қатысқан жалпы жиналыс–Ассоциацияның ең жоғары органы болып табылады;
- жалпы жиналыс қажеттілігіне қарай ұйымдастырылады, бірақ жылына бір реттен кем емес.

3.3.2 Жалпы жиналыстың құзырлылығына:

- ережені өзгерту және қабылдау;
- қызметтердің негізгі бағыттарын анықтау;
- ашық дауыс беру тәртібімен Ассоциация Кеңесін сайлау;
- ассоциация қызметін тоқтату;
- ассоциация кеңесін басқару органы болып табылады.

3.4 Ассоциация Кеңесіне кіретіндер:

- ректорат мүшелері тарапынан өкілдер;
- әр факультеттен (құрылым бөлімнен) бір өкіл;
- Ассоциация Президенті ШУ ректоры болып табылады, сонымен қатар, ол Ассоциация Кеңесінде басқарушылық етеді;
- Ассоциация Кеңесінің жұмысын жақсарту мақсатында Кеңес мәжілісінде төраға үш жылға сайланады.